
Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Қостанай, Арқалық, Тобыл) (9.7-сурет) жүргізілді.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.


Қар жамылғысы сынамаларында гидрокарбонаттар 25,26%, сульфаттар 18,77 %, хлоридтер 20,76 % кальций иондары 10,52 %, натрий иондары 13,01 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Қостанай МС – 63,74мг/л, ең азы Тобыл МС - 103,67 мг/л белгіленді.

Қар жамылғысының үлесті электр өткізгіштігі 39,0 мкСм/см-ден (Қостанай МС) 179,4 мкСм/см (Тобыл МС) дейінгі шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсіз қышқыл сипатта болып, 5,26 (Қостанай МС) – 6,27 (Арқалық МС) аралығында болды.





9.4 сур. Қостанай облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

### 9.11 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 нүсесінде (Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өзендері, Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында) өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Аманкелді (Қостанай қ) су қоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Үй, Әйет, Тоғызак өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

#### **Тобыл өзені:**

-Аққарға а. тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б жармасында: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций - 403,6 мг/л, магний – 389,3 мг/л, минерализация – 6519,7 мг/л, хлоридтер – 2437,6 мг/л. Ластаушы заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы 4 класқа жатады: магний- 46,5 мг/л, қалқыма заттар-30,05 мг/л. Магний мен қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қалсуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 4 класс: темір  $^{2+}$  – 0,025 мг/л, магний – 44,3 мг/л. Магний концентрациясы фондық кластан асады, темір  $^{2+}$  концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы 4 класс: магний – 42,5 мг/л, темір  $^{2+}$  – 0,05 мг/л. Магний, темір (2+) концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Милютинка а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында: су сапасы 5 класс: қалқымалы заттар – 36,6 мг/л. Қалқымалы заттар концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы  $0,1^{\circ}\text{C}$  -  $20,4^{\circ}\text{C}$ , барлық жармадағы сутегі көрсеткіші 6,86-8,14, суда еріген оттегі концентрациясы 3,75-11,49 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> -0,7-5,58 мг / дм<sup>3</sup>.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класс: магний - 74,5 мг/л, минералдану – 1466,5 мг /л, сульфаттар – 401,6, темір (2+) – 0,047 мг/л.

### **Әйет өзені**

**Әйет** өзенінде судың температурасы  $0,1^{\circ}\text{C}$  –  $16,3^{\circ}\text{C}$  деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,55-8,44 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,16-11,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,7-4,16 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік – 22-39 градус, иісі -0 балл.

- Варваринка а. тұстамасы,: ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы 5 класс: никель – 0,140 мг/л. Никельдің концентрациясы фондық кластан асады.

### **Обаған өзені**

**Обаған** өзенінде су температурасы  $0,1^{\circ}\text{C}$ - $15^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 7,17-8,26, еріген оттегінің концентрациясы - 0,88 -7,07мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 2,71 -5,88 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік -25-90 градус, иісі -1-3 балл.

-Ақсуат а. тұстамасы, ауылдан 4 км г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 35,7 мг/л, сульфаттар – 1645,2 мг/л, хлоридтер – 1517,8 мг/л, жалпы темір- 0,41 мг/л, магний – 235,2 мг/л, минералдану – 5430,7 мг/л. Жалпы темір концентрациясы фондық кластан аспайды, ОХТ, кальций, магний, минералдану, сульфаттар, хлоридтер концентрациялары фондық кластан асады.

**Тоғызақ** өзенінде судың температурасы  $0^{\circ}\text{C}$  –  $18,4^{\circ}\text{C}$  деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,28-9,0 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 9,55-12,11 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,17-4,51 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік -6-40 градус, иісі -0 балл.

- Тоғызақ а. тұстамасы,: Тоғызақ ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы 5 класс: никель – 0,144 мг/л. Никельдің концентрациясы фондық кластан асады.

### **Үй өзені**

**Үй** өзенінде судың температурасы  $0,1^{\circ}\text{C}$  –  $15,2^{\circ}\text{C}$  деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,38-8,42 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 3,67-9,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,25-5,25 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік -6-24 градус, иісі -0 балл.

Уйское а. тұстамасы,: Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында су сапасы 4 класс: магний – 48,8 мг /л, темір (2+) – 0,061 мг/л. Магнийдің концентрациясы фондық кластан асады.

### **Желқуар өзені**

**Желқуар** өзенінде судың температурасы 0 °С – 15 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,33-8,24 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 3,19-12,61 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,2-4,0 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік – 9-32 градус, иісі -0 балл.

Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында: су сапасы 5 класс: никель – 0,131 мг/л. Никель концентрациясы фондық кластан аспайды.

### **Аманкелді су қоймасы**

**Аманкелді су қоймасында** судың температурасы 3,3 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші - 7,76 тең, суда еріген оттегінің концентрациясы – 7,30 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,94 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік – 12 градус, иісі -0 балл.

- Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. ОБ қарай 8 км, г/б жармасында су сапасы 4 класс: магний – 44,6 мг/л, темір (2+) – 0,035 мг/л. Магний концентрациялары фондық кластан асады.

### **Қаратамар су қоймасы**

**Қаратамар су қоймасында** судың температурасы 3,3 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,99 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 8,53 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,36 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік – 9 градус, иісі -0 балл.

-Береговое а, су қойма гидро құрылысынан ОБ қарай 3,6 км, г/б тұстамасында судың сапасы 4 класс: магний – 34,7 мг/л, темір (2+) – 0,036 мг/л. Магний концентрациясы фондық кластан асады.

### **Жоғарғы тобыл су қоймасы**

**Жоғарғы Тобыл су қоймасында** судың температурасы 3,3 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,08 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 9,32 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,33 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік – 8 градус, иісі -0 балл.

-Лисаков қ.: Лисаков қ. Б қарай 5 км, г/б жармасында судың сапасы 4 класс жатады: магний – 38,1 мг/л, темір (2+) – 0,027 мг/л. Магнийдің концентрациялары фондық кластан аспайды.

### **Шортанды су қоймасы**

**Шортанды су қоймасында** судың температурасы 4,6 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,08 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 7,87 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,35 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 10 градус, иісі -0 балл.

-Жітіқара қ.: тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 400,5 мг/л. Хлоридтердің концентрациясы фондық кластан асады.

**Қараторғай өзені** судың температурасы 2,8 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,06 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 8,34 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,52 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 26 градус, иісі -0 балл.

-Урпек а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>3 класс) темір <sup>2+</sup> – 0,026 мг/л.

-Торғай а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 351,8 мг/л.

Қараторғай өзенінің ұзындығы судың сапасы 4 класс жатады: магний – 34,1 мг/л, темір (2+) – 0,033 мг/л.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қостанай облысы аумағындағы 2019 жылғы 1 жарты жылдығындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 4 класс – Тобыл, Қараторғай, Үй өзендері, Амангелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары; 5 класс- Әйет, Тоғызак, Желқуар өзендері; нормаланбайды (>5 класс): Обаған өзені, Шортанды су қоймасы

### **9.12 2019 жылдың көктем мезгіліндегі Қостанай облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Қостанай қаласында** әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 7,32-42,54 мг/кг қорғасын, 0,1-5,0 мг/кг - мыс, 0,02-0,58 мг/кг – хром, 10,2-15,3 мг/кг – мырыш, 0,15-0,24 мг/кг – кадмий құрамында болды.

Кондитерлік фабриканың аумағында қорғасынның құрамы 1,3 ШЖШ, мыстың - 1,7 ШРК шоғырлануы болды.

Қостанай темір-бетон зауыты, Комвольно-суконный комбинаты аумағында, «Жеңіс» паркі және №31 мектеп ауданында барлық қоспалардың анықталуы шекті рұқсат етілген көлемде болды.

**Варварника кентінде** қайық өткел ауданында, мектеп, кентке кіре берісте, насос стансасы аумағында және «Варваринка» АҚ үйіндісі ауданында топырақ сынамасында қорғасын, мыс, хром, мырыш, кадмийдің шоғырлануы 0,10-13,50 мг/кг шегінде болып және шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

**Жітіқара қаласында** Павлов көшесі (№2 ОМ), Жеңіс паркі, орталық саябақ және Партизан көшесі ауданында қорғасын, мыс, хром, мырыш, кадмийдің шоғырлануы 0,10-37,40 мг/кг шегінде болды.

Жамбыл атындағы мәдениет және демалу паркі аумағында қорғасынның шоғырлануы 1,1 ШРК құрады.

**Арқалық қаласында** әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 22,30-45,22 мг/кг қорғасын, 1,0-5,10 - мыс, 0,45-2,35 мг/кг – хром, 12,50-30,20 мг/кг – мырыш, 0,24-0,65 – кадмий құрамында болды.

Арқалық аудандық ауруханасы Бейбітшілік көшесінде ауданында ауыр металдардың құрамы шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Ш. Уалиханов атындағы № 1 орта мектеп аумағында мыстың шоғырлануы 1,0 ШРК, қорғасынның - 1,3 ШЖШ, мырыштың – 1,1 ШЖШ құрады.

«Алюминийстрой» АҚ өнеркәсіп аймағы (500 метр қашықтықта) ауданында мыстың шоғырлануы 1,0 ШЖШ құрады. Басқа ауыр металдардың құрамы шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Горбачев/8 март көшесі қиылысы ауданында мыстың шоғырлануы 1,2 ШЖШ, мырыштың деңгейі – 1,1 ШЖШ құрады.

Есіл қаласына бұрылған жол ауданында қорғасынның шоғырлануы 1,4 ШЖШ, мыстың – 1,7 ШЖШ, мырыштың – 1,3 ШЖШ байқалды.

**Лисаков қаласында** әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында қорғасын 6,12-15,42 мг/кг, мыс 2,0-9,6 мг/кг, хром 0,65-1,20 мг/кг, мырыш-19,2-28,3– мг/кг, кадмий 0,15-0,50 мг/кг –құрамында болды.

№1 ОМ, Аурухана (200 м. - «ДЭП» ЖШС сүт зауыты ) ауданында көктемде мырыш шоғыры 1,2 ШЖШ құрады.

Строительная (теміржол вокзалы ауданынан – 10 метр) ауданында көктемде мырыш шоғыры 1,1 ШЖШ, мыстың – 1,1 ШЖШ құрады.

Тобыл («Мирас» медициналық орталығы ауданынан – 10м) ауданында көктемде мырыш шоғыры 1,1 ШЖШ, мыстың – 1,7 ШЖШ құрады.

Жеңіс саябағында қоспалардың шекті рұқсат етілген көлем нормасында болды.

**Рудный қаласында** әртүрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында 9,24-30,03 мг/кг қорғасын, 0,20-5,43 мг/кг - мыс, 0,21-1,40 мг/кг – хром, 5,40-22,30 мг/кг – мырыш, 0,15-0,35 мг/кг – кадмий құрамында болды.

Топорковка/40 лет Октября көшелері қиылысы («KEGOS» АҚ нан зауыты-1км) ауданында мыстың шоғырлануы 1,8 ШЖШ басқа қоспалар шекті рұқсат етілген көлем нормасынан асқан жоқ.

Маяковский, Ұзынкөл, Федоровка, Әуликөл агрометеорологиялық бекеттінің ауданында алынған топырақ сынамасында 5,30-10,32 мг/кг қорғасын, 0,08-0,11 мг/кг - мыс, 0,03-0,11 мг/кг – хром, 0,80-3,20 мг/кг – мырыш, 0,03-0,08 мг/кг – кадмий құрамында болды.

Барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан асқан жоқ.

### **9.13 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны**

6 метеорологиялық стансада (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) күнделікті жергілікті мекенде гамманың сәуле шығару деңгейін бақылауы және 4 автоматты бекеттерде Қостанай қ. (№2 ЛББ; №4 ЛББ), Рудный қ. (№5 ЛББ; №6 ЛББ) атмосфералық ауанын ластануының бақылауы жүргізілді (9.6 сурет).

Радиациялық гамма-фонның жер беті қабатындағы орташа маңызы облыстың жергілікті мекендерінде 0,01-0,35 мкЗв/ч шегінде болды. Облыста орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/ч құрап және шекті жағдайда болды.

### **9.14 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Жер беті қабатындағы радиоактивті ластануларға бақылау Қостанай облысы аумағында 2 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қостанай) горизонтальный планшеттермен ауаның сынамасын алу жолымен жүргізілді (9.6 сурет). Стансада бес тәуліктік сынама алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфералық жер беті қабатындағы тәуліктік орташа радиоактивтік түсу тығыздығы 0,6-2,1 Бк/м<sup>2</sup> шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа көлемі 1,3 Бк/м<sup>2</sup> құрады, ол шекті болу деңгейінің асқан жоқ.



9.6 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


### 10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төрекұлова к-сі,76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Берденова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластанудың **көтеріңкі деңгейі** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша азот диоксидінің орташа шоғыры 1,07 ШЖШ<sub>о.а.</sub> анықталды, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары РМ 2,5 қалқыма бөлшектер – 1,34 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 4,11 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,74 ШЖШ<sub>м.б.</sub> анықталды, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, формальдегид





10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластанудың **көтеріңкі деңгейі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=3%(көтеріңкі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша озонның орташа айлық шоғыры 1,80 ШЖШ<sub>о.а.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Озонның максималды-бірлік шоғырлары 2,04 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

### 10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид





10.3-сурет. Төретам кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластанудың *төмен деңгейі* болып бағаланды, СИ=1(төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойыншаластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары 1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

#### 10.4 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысының атмосфералық ауа жай-күйі (экспедиция)

Атмосфералық ауаның жай-күйі Қызылорда қаласының 5 маршруттық бекеттерінде (оңтүстік өндірістік аймақ, солтүстік өндірістік аймақ, Бакалейторг аймағы, «Ақмешіт» шағын ауданы, Балабақша «Шугла») және Қызылорда облысының 6 ауданында (Жаңақорған, Шиелі, Қармақшы, Арал, Куланды, Ақбасты ) алынған ауа сынамасына талдау мен қайта өңдеу бойынша бағаланды.

Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеулер қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің норма шегінде болды (10.4 - сур., 10.4 - кесте).



10.4 сур. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2019 жылдың 1 жартыжылдық Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша ластаушы заттардың шоғыры норма шегінде болды.(болды (10.5-кесте).

**2019 жылдың 1 жартыжылдық Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша  
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Елді мекенденнің атауы	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі
«Ақмешіт» шағынауданы	0,04	0,1	0,072	0,1	0,05	0,3	1,1	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,074	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2
Бакалейторг аймағы	0,05	0,1	0,071	0,1	0,05	0,3	1,1	0,2
Балабақша «Шугла»	0,04	0,1	0,072	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2
Оңтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,056	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2

**2019 жылдың 1 жартыжылдық Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша  
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі
Шиелі	0,07	0,1	0,096	0,2	0,06	0,3	1,0	0,2
Жанақорған	0,03	0,1	0,044	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2
Қармақшы	0,03	0,1	0,034	0,1	0,03	0,1	1,0	0,2
Арал	0,04	0,1	0,049	0,1	0,03	0,1	1,0	0,2
п. Куланды	0,01	0,0	0,140	0,3	0,10	0,5	1,1	0,2
п. Акбасты	0,02	0,0	0,136	0,3	0,04	0,2	1,0	0,2

## 10.5 Қызылорда облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Арал теңізі, Жусалы, Қызылорда) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (10.5 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 30,05 %, гидрокарбонаттар 29,23 %, натрий иондары 7,55 %, хлоридтер 10,38 %, кальций иондары 11,98 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Арал теңізі МС – 72,41 мг/л, ең азы Жусалы МС – 36,27 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 60,24 мкСм/см-ден (Жусалы МС) 122,92 мкСм/см (Арал теңізі МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы бейтарап орта сипатта, 6,10 (Жусалы МС) – 6,97 (Арал теңізі МС) аралығында болды.



10.5 сур. Қызылорда облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 10.6 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

**Сырдария өзені:**

- тұстама Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 32,528 мг/л, минерализация – 1496,051 мг/л, сульфаты – 451,667 мг/л. Қалқыма заттар және магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдылық және сульфат концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 35,563 мг/л, минерализация – 1503,095 мг/л, сульфаты – 448,333 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық кластан асқан жоқ. Минералдылық концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

- тұстама Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 34,557 мг/л, минерализация – 1533,98 мг/л, сульфаты – 443,333 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық кластан асқан жоқ, минералдылық концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен: су сапасы 4 классқа жатады: минерализация – 1507,137 мг/л, сульфаты – 446,667 мг/л, магния – 33,535 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минерализация және сульфат концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

- тұстама Жосалы кенті, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 38,61 мг/л, минералдылық – 1544,878 мг/л, сульфаты – 450 мг/л. Магний концентрациясы фондық минерализация асқан жоқ, минералдылық және сульфаттар концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

- тұстама Қаратерең ауылы, су бекетінде: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний 32,543 мг/л, минерализация – 1513,11 мг/л, сульфаты – 443,333 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық кластан асқан жоқ, минералдылық концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

**Сырдария өзені бойымен:** өзен суының температурасы 3,78-9,00°C, сутегі көрсеткіші 6,96-7,62, суда еріген оттегі шоғыры – 4,63-5,32 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 1,0-1,17мг /дм<sup>3</sup>, түстілігі 41,3-97,83; иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний – 34,556 мг/л, минералдылық 1516,376 мг/л, сульфаты – 447,222 мг/л.

**Арал теңізі:**

**Арал теңізі бойымен :**өзен суының температурасы 6,633°C, сутегі көрсеткіштің орташа мәні - 7,067, суда еріген оттегінің шоғыры – 4,66 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 0,983 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі – 20,16, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

- тұстама Арал қаласы, Кіші теңіз жоғарғы бьеф «Көкарал» гидропосты: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний – 45,722 мг/л, минералдылық 1603,21 мг/л, сульфаты – 460 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық кластан асқан жоқ, минерализация концентрациясы фондық кластан жоғары болды.

2019 жылғы 1 жарты жылдықта Біріңғай жіктеме бойынша Қызылорда облысы аумағында Сырдария өзені және Арал теңізінің су сапасы 4-класқа жатады (4-кесте).

### 10.7 2019 жылдың көктем мезгіліндегі Қызылорда облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

**Қызылорда** қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром - 0,12-0,80 мг/кг, қорғасын 19,50-8,90 мг/кг, мырыш – 2,50-13,30 мг/кг, кадмий – 0,15-0,23 мг/кг, мыс – 0,44-5,30 мг/кг шамасында өзгерді.

Абай аулындағы суландыру алқабы ауданында алынған топырақ сынамасында мыс концентрациясы 1,8 ШЖШ болды.

Қызылорда қ. аумағында алынған топырақ сынамасында басқа ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

**Байқоңыр қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасындағы хром концентрациясы 0,05-2 мг/кг, қорғасын 2,54-35,20 мг/кг, мырыш – 1,30-5,30 мг/кг, кадмий – 0,04-0,19 мг/кг, мыс – 0,10-0,46 мг/кг шамасында өзгеріп, рұқсат етілген нормадан аспады.

Абай дағылындағы орталық базар аумағында алынған топырақ сынамасында қорғасын 1,1 ШЖШ болды.

Байқоңыр қ. аумағында алынған топырақ сынамасында басқа ауыр металдардың құрамының рұқсат етілген нормадан асуы байқалмады.

**Ақбастар кентінің** орталығынан алынған топырақ сынамасындағы хром концентрациясы 1,70 мг/кг, қорғасын- 5,04 мг/кг, мырыш-2,70мг/кг, кадмий-0,04 мг/кг, мыс-0,10 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

**Құланды кентінің** метеостанция аумағынан алынған топырақ сынамасындағы хром концентрациясы 2,00 мг/кг, қорғасын- 2,54 мг/кг, мырыш-3,00 мг/кг, кадмий-0,04 мг/кг, мыс-0,10 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

### 10.8 Қызылорда қаласы және Қызылорда облысының экспедициялық бақылау мәліметтері бойынша радиациялық фонның деңгейі

Қызылорда қ. және Қызылорда облысы бойынша 2019 жылдың 1 жартыжылдықта радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,05-0,17 мкЗв/сағ.) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес.

Елді мекеннің атауы	Елдімекендегі гамма-фон (мкЗв/ч)		
	Минималды	Максималды	Орташа
Шиелі	0,10	0,16	0,13
Жанақорған	0,11	0,17	0,14
Қармақшы	0,10	0,16	0,12
Арал	0,09	0,15	0,12



п. Куланды	0,05	0,10	0,09
п. Акбасты	0,12	0,17	0,14

### 10.9 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Қызылорда, Арал, Шиелі) және Қызылорда қаласының (№3 ЛББ), Ақай(№1 ЛББ) және Төретам(№1 ЛББ) кенттерінің3 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (10.7 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,29 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### 10.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.7 сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-4,1 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі


### 11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			Микрорайон 12 № 22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар соммасы , аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутек, аммиакозон(жербеті), көміртегі оксиді
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, озон(жербетті)



11.1 сур. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану **жоғары деңгейде** болып бағаланды, СИ=8 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды (1,2-сур.).

\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жер беті) – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


## 11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2 - кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, озон (жер беті), гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
2			Махамбет к-сі 14 А мектеп	



11.2 сур. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 1 бекет аумағында (әкімдіктің жанында) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің максималды-бір реттік шоғырлары - 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі- 3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


### 11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербетті), күкіртті сутегі, аммиак



11.3 сур. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша №7 бекет аумағында (Бейнеу ауданы, Восточная) бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2 -сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Озонның(жер беті) орташа айлық шоғырлары – 1,09 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, қалқыма бөлшектері (шаң) – 1,08 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің(шаң) максималды-бір реттік шоғырлары – 2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

#### **11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

#### **«Қошқар-Ата» к/к эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	Q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	Q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,129	0,430
Күкірт диоксиді	0,018	0,036
Көміртегі оксиді	2,45	0,49
Азот диоксиді	0,013	0,064
Азот оксиді	0,009	0,023
Күкіртті сутегі	0,003	0,335
Көмір сутегі сомасы	14,2	-
Аммиак	0,022	0,109
Гамма-фон, мкЗв/сағ.	0,21	-

### 11.5 Баутино кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутино кентінде жүргізілді. Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

#### Баутино кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q <sub>mm</sub> /м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,101	0,337
Күкірт диоксиді	0,015	0,031
Көміртегі оксиді	2,31	0,46
Азот диоксиді	0,015	0,076
Азот оксиді	0,010	0,024
Күкіртті сутегі	0,002	0,273
Көмір сутегі сомасы	4,3	-
Аммиак	0,012	0,062

### 11.6 Маңғыстау облысы кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Дунга және Жетібай кенорындарының барлық нүктелерінде қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының максимальді шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

### 11.7 Маңғыстау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Ақтау, Форт-Шевченко) алынған жаңбыр суына сынама алумен (11.4-сурет) жүргізілді.

Аммонийдан басқа, жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.


Аммонийдің шоғыры Форт-Шевченко МС маңайында 1 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 13,57 %, сульфаттар 24,51 %, хлоридтер 26,35 %, натрий иондары 17,35% және кальций иондары 8,19 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Форт-Шевченко МС –620,0 мг/л, ең азы Ақтау МС -77,36 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 123,39 мкСм/см-ден (Ақтау МС) 813,26 мкСм/см (Форт-Шевченко МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтiсi аз сипатта болып, 6,96 (Ақтау МС) – 7,41 (Форт-Шевченко МС) аралығында болды.



11.4 сур. Маңғыстау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

### 11.8 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Орталық Каспий теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансалар мен ғасырлық кескіндерде жүргізілді: Ақтау қ, демалыс аймағы (2 нүкте), Ақтау қ, порт аймағы (2 нүкте), Форт-Шевченко (1 нүкте), Фетисово (1 нүкте), Қаламқас (1 нүкте), Қара Боғаз (1 нүкте); дамба аймағы (3 нүкте), Құрық к. (3 нүкте), Адамтас маягі (3 нүкте), Батыс Бузашы (1 нүкте), Шақпақ-Ата (1 нүкте), Канга (1 нүкте), Қызылөзен (1 нүкте), Саура (1 нүкте), Некропол-Қалың-Арбат (1 нүкте), Қызылқұм (1 нүкте), Солтүстік Кендерлі (1 нүкте), Оңтүстік Кендерлі (1 нүкте); кен орындары – Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте).

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

- **Қара Боғаз** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 405,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 7726,05 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2106,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 5003,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Адамтас (1)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 405,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 7834,95 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2203,5 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер – 5012,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Адамтас (2)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 415,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7868,9 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2156,0 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -5093,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Адамтас (3)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 410,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7885,9 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2259,5 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -5009,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Форт-Шевченко** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-235,0мг/дм<sup>3</sup>, магний – 425,0мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 7585,9 мг/дм<sup>3</sup>,хлоридтер-4467,2 мг/дм<sup>3</sup>,сульфаттар-2029,2 мг/дм<sup>3</sup>.Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Каражанбас кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний –378,0мг/дм<sup>3</sup>,кальций-231,7 мг/дм<sup>3</sup>,минерализация–8214,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4994,4 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-2576,8 мг/дм<sup>3</sup>.Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Арман кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 436,7 мг/дм<sup>3</sup>,кальций-233,3 мг/дм<sup>3</sup>,минерализация –8220,9 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер - 4976,6 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-2638,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Фетисово** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-223,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 365,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8035,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4932,7 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2482,2 мг/дм<sup>3</sup>.Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Қаламқас кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-228,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 391,2 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7837,1 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2412,6 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4772,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**бөгет айдыны нүкте №1** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций– 190,9 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 343,4 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8204,81 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –8204,8 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4928,3 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**бөгет айдыны нүкте №2** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-231,65 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 401,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8160,4 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2555,5 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4936,2 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**бөгет айдыны нүкте №3** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-232,2 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 428,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8129,8 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2535,2 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4901,7 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Батыс Бузачи** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-231,7 мг/дм<sup>3</sup>, магний –378,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8082,35 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2441,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4994,0 мг/дм<sup>3</sup>.

-**некрополь Қалың-Арбат** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-240,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 285,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7680,7 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2370,0 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4744,9 мг/дм<sup>3</sup>.

-**Шақпақ-Ата** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 331,67 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7812,65 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2400,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4829,4 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Саура** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-248,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 286,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7722,1 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2372,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4778,5 мг/дм<sup>3</sup>.

-**Канга** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0мг/дм<sup>3</sup>, магний – 141,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7674,8 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2367,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4752,8 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Қызылөзен** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 225,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 6466,4 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2044,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -3204,24 мг/дм<sup>3</sup>.

-**Қызылқұм** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-278,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 176,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7673,8 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 2613,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4534,5 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Солтүстік Кендерлі** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-230,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 276,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7611,7 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2494,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4580,4 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Оңтүстік Кендерлі** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-245,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 260,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 7593,7 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2419,95 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4636,13 мг/дм<sup>3</sup>.

- **Құрық нүкте №1** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-238,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 366,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8089,2 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2389,8 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -5060,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Құрық нүкте №2** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 163,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8465,9 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар –2382,5 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -5471,7 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Құрық нүкте №3** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-225,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 343,3 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 8187,2 мг/дм<sup>3</sup>,



сульфаттар –2439,6 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -5134,8 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Ақтау қ, демалыс аймағы (1)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-192,2 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 368,7 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 6854,7 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер-4695,8 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-1566,7 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

-**Ақтау қ, демалыс аймағы (2)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 338,8 мг/дм<sup>3</sup>; минерализация– 6564,3 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4482,7 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-1543,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Ақтау қ, порт аймағы (1)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 301,85 мг/дм<sup>3</sup>; минерализация –6708,85 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-1509,2 мг/дм<sup>3</sup> хлоридтер -4697,9 мг/дм<sup>3</sup>.

**Ақтау қ, порт аймағы (2)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 295,0 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация– 6424,1 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер -4378,02 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар-1549 мг/дм<sup>3</sup>

Каспий су температурасы 3,4-25,0 °С, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,5-8,6, суда еріген оттегі – 8,5 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,2 мг/дм<sup>3</sup> болды. ШЖШ асу байқалмаған су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 206,7мг/дм<sup>3</sup>; магний – 307,04 мг/дм<sup>3</sup>; минерализация – 7689,8 мг/дм<sup>3</sup>, хлоридтер –4785,8 мг/дм<sup>3</sup>; сульфаттар –2266,9 мг/дм<sup>3</sup>. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

Манғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізінің су сапасы бірінғай классификациясы бойынша нормаланбайды (>5 класс).

## **11.9 Маңғыстау облысының жағалаулық станциялар мен кен орындары аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі**

Форт–Шевченко, Фетисово, Қаламқас, Қара Боғаз, жағалаулық стансаларда, (Арман, Қаражанбас), Батыс Бузашы, Шақпақ-Ата, Канга, Қызылөзен , Саура, Некропол-Қалың-Арбат, Қызылқұм, Солтүстік Кендерлі, Оңтүстік Кендерлі, Ақтау қаласы (4 нүкте), Адамтас (4 нүкте), бөгет айдыны (3 нүкте), Құрық (3 нүкте) теңіз түпкі шөгінділеріне сынама алынды. Мұнай өнімдері және металлдардың (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) бар болуы талданды.

### **Көктем мезгілі**

**Форт–Шевченко** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,21 мг/кг, хром – 0,035мг/кг, мұнай өнімдері – 0,030%, мырыш – 1,45 мг/кг, никель – 1,37 мг/кг, қорғасын – 0,0039 мг/кг және мыс – 1,55 мг/кг шегінде болды.

**Фетисово** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 11,31 мг/кг, хром (6+) – 0,033мг/кг, мұнай өнімдері – 0,032%, мырыш – 1,47 мг/кг, никель 1,43 мг/кг, қорғасын - 0,0041мг/кг және мыс –1,67 мг/кг шегінде болды.



**Каламкас** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,25 мг/кг, хром (6+) – 0,041 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,037%, мырыш – 0,38 мг/кг, никель 1,30 мг/кг, қорғасын - 0,0035 мг/кг және мыс – 1,59 мг/кг.

**Кара Богаз** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,27 мг/кг, хром (6+) – 0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,036%, мырыш – 0,36 мг/кг, никель 1,41 мг/кг, қорғасын - 0,0025 мг/кг және мыс – 1,30мг/кг.

**Кен орындар** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,44-1,47 мг/кг, хром (6+) –0,031-0,036 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,039-0,042 %, мырыш – 0,35мг/кг, никель 1,28-1,35 мг/кг, қорғасын – 1,50-1,56 мг/кг және мыс - 0,0035-0,0038 мг/кг.

**Қызылқұм** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,25 мг/кг, хром (6+) – 0,037 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,034%, мырыш – 1,41 мг/кг, никель 1,50 мг/кг, қорғасын - 0,0027 мг/кг және мыс – 1,27 мг/кг.

**Солтүстік Кендерлі** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,29 мг/кг, хром (6+) – 0,042мг/кг, мұнай өнімдері – 0,037%, мырыш – 0,35 мг/кг, никель 1,40 мг/кг, қорғасын - 0,0021мг/кг және мыс –1,35 мг/кг.

**Оңтүстік Кендерлі** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,31 мг/кг, хром (6+) – 0,040 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,038 %, мырыш – 0,34 мг/кг, никель 1,40 мг/кг, қорғасын - 0,0020 мг/кг және мыс – 1,33 мг/кг.

**Батыс Бузашы** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,23 мг/кг, хром (6+) – 0,029 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,025%, мырыш – 0,21 мг/кг, никель 1,25 мг/кг, қорғасын - 0,0025 мг/кг және мыс – 1,21мг/кг.

**Некропол-Қалың-Арбат** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,27 мг/кг, хром (6+) – 0,028 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,035%, мырыш – 0,23 мг/кг, никель 1,37 мг/кг, қорғасын - 0,0022 мг/кг және мыс – 1,29мг/кг.

**Канга.** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,30 мг/кг, хром (6+) – 0,027 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026%, мырыш – 0,25 мг/кг, никель 1,29 мг/кг, қорғасын - 0,0020 мг/кг және мыс – 1,19 мг/кг.

**Қызылөзен.** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,30 мг/кг, хром (6+) – 0,03 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,038%, мырыш– 0,29 мг/кг, никель 1,35 мг/кг, қорғасын - 0,0020 мг/кг және мыс – 1,33мг/кг.

**Саура.** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,28 мг/кг, хром (6+) – 0,034 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,029%, мырыш – 0,25 мг/кг, никель 1,31 мг/кг, қорғасын - 0,0021 мг/кг және мыс – 1,27мг/кг.

**Шақпақ-Ата** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,25 мг/кг, хром (6+) – 0,031 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,027%, мырыш – 0,22 мг/кг, никель 1,30 мг/кг, қорғасын - 0,0022 мг/кг және мыс – 1,24мг/кг.

**Ақтау қаласы** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,2-1,3 мг/кг, хром – 0,037-0,048мг/кг, мұнай өнімдері – 0,025-0,035%, мырыш – 1,09-1,28мг/кг, никель – 1,15-1,23мг/кг, қорғасын – 0,0029-0,004мг/кг және мыс – 1,47-1,55 мг/кг шегінде болды.

**Адамтас** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,17-1,29 мг/кг, хром – 0,035-0,045мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026-0,037%, мырыш –

1,12-1,23 мг/кг, никель 1,15-1,20 мг/кг, қорғасын - 0,0032-0,0039мг/кг және мыс – 1,39-1,48 мг/кг шегінде болды.

**Бөгет айдыны** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,32-1,35 мг/кг, хром – 0,012-0,014мг/кг, мұнай өнімдері – 0,020-0,031%, мырыш – 0,20-0,22 мг/кг, никель 1,17-1,21мг/кг, қорғасын - 0,029-0,0035мг/кг және мыс – 1,24-1,27мг/кг.

**Құрық** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында марганецтің бар болуы 1,3-1,34 мг/кг, хром – 0,021-0,027 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,025-0,033%, мырыш – 0,33-0,4 мг/кг, никель 1,32-1,34 мг/кг, қорғасын - 0,0031-0,0036мг/кг және мыс – 1,50-1,51мг/кг.

### **11.10 2019 жылдың көктем мезгіліндегі Маңғыстау облысы бойыншатопырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Ақтау қаласында** «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында алынған топырақ сынамасында кадмий - 0,024-0,036 мг/кг, қорғасын - 0,0029-0,0040 мг/кг, мырыш - 0,32-0,41 мг/кг, мыс - 1,3-1,8 мг/кг және хром - 0,022-0,033 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Жанаөзен қаласында** алынған топырақ сынамасы спорткешен ауданы, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Әден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий - 0,037-0,078 мг/кг, қорғасын - 0,0047-0,0075 мг/кг, мырыш - 0,31-0,51 мг/кг, мыс - 1,16-1,45 мг/кг және хром - 0,024-0,04 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Бейнеу кентінде**«Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол ( «Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «БекетАта» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий - 0,029-0,047 мг/кг, қорғасын - 0,003-0,0047 мг/кг, мырыш - 0,27-0,4 мг/кг, мыс - 1,22-1,37 мг/кг және хром - 0,024-0,04 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Форт – Шевченко қаласында** алынған топырақ сынамасы Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрыңғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Казахстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий - 0,03-0,08 мг/кг, қорғасын - 0,003-0,0063 мг/кг, мырыш - 0,29-0,51 мг/кг, мыс - 1,29-1,53 мг/кг және хром - 0,029-0,038 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Қошқар- Ата қалдық сақтау қоймасы** ауданында алынған топырақ сынамасындағы қорғасын 0,0006 мг/кг, кадмий 0,18 мг/кг, мыс 0,51 мг/кг, хром 0,58 мг/кг, және мырыш 0,02 мг/кг рұқсат етілген нормадан аспады.

**Өмірзақ (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте), Ақшұқыр (3 нүкте)** алынған топырақ сынамасындағы қорғасын – 0,004-0,0077 мг/кг, кадмий – 0,03–0,046 мг/кг, мыс – 1,12-1,9 мг/кг, хром – 0,017-0,037 мг/кг, және мырыш - 0,25-0,64 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген нормадан аспады.

**Арнайы экономикалық аймағында (АЭА)** алынған топырақ сынамасындағы мырыш-0,27-0,31 мг/кг, мыс –1,5-1,6 мг/кг, хрома – 0,025-0,027 мг/кг, қорғасын – 0,005-0,008 мг/кг, никель – 1,13-1,15 мг/кг, мұнайөнімдері -0,035-0,037 мг/кг марганец 1,33-1,37 мг/кг құрады шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

### **11.11 Маңғыстау облысы кен орындарындағы топырақтың жай-күйі**

Топырақ жай - күйіне бақылау Дұнға, Жетібай кенорынында 3 бақылау нүктелерінде, Қаражанбас және Арман кенорындарында 1 бақылау нүктелерінде жүргізілді.

Топырақ сынамасында мұнай өнімдері, хром (6+), марганец, қорғасын, мырыш, никел, мыс анықталды

Топырақ сынамаларында мырыш-0,03-0,47 мг/кг, мыс –1,2-1,7 мг/кг, хрома – 0,02-0,04 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,05 мг/кг, никель – 1,11-1,47 мг/кг, мұнайөнімдері -0,034-0,025 мг/кг марганец 1,10-1,35 мг/кг құрады.

Дұнға, Жетібай Қаражанбас және Арман кенорынында мұнай өнімдері, хром (6+), марганец, қорғасын, мырыш, никел, мыс құрамы рұқсат етілген норма шамасында болды.

### **11.12 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар- Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ)2автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі(11.5 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,21 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

### **11.13 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.5 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-4,3 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша

радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.5 сур. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 12. Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

### 12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкіртті сутегі,фенол,хлор,хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),күкіртті сутегі,радиациялық гамма фон қуаттылығы
4			Қазправда көшесі	



Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 12.2 Павлодар қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Павлодар кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймағы) жүргізілді.

Аммиактың, формальдегидтің, фтор сутегінің, бензиннің, бензолдың, этилбензолдың шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша этилбензолдың максималды бір-реттік шоғыры – 1,7 ШЖШ м.б. құрады басқа ластаушы заттар шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (12.2-кесте).

12.2-кесте

### Павлодар қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	$q_{\text{мг/м}^3}$	$q_{\text{м/ШЖШ}}$
Амиак	0,001	0,0048
Формальдегид	0,0	0,0
Фтор сутегі	0,0008	0,039
Бензин	4,663	0,93
Бензол	0,0999	0,33
Этилбензол	0,0334	<b>1,7</b>


## 12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.3-кесте).

12.3 - кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаевкөшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.2-сур. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгей** болып бағаланды, ол СИ=1 (төменгі деңгейі) азот диоксиді бойынша № 1 бекет аумағында (Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгейі) анықталды (1,2-сур.).

*\*Бқ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

PM–10 қалқыма бөлшектері орташа шоғырлар - 1,1 ШЖШ<sub>от.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


## 12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.4-кесте).



### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі,4«Г»	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.3 сур. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі деңгей** болып бағаланды, ол СИ=2 (көтеріңкі деңгейі) көміртегі оксиді бойынша № 1 бекет ( Әуезов көш. 4Г) аумағында және ЕЖҚ=0% (төмен деңгейі) анықталды (1,2-сур.).

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің максималды бір-реттік шоғыры – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі -1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.



## 12.5 Ақсу қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ақсу кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№2 нүкте – ауданы орталық стадион ) жүргізілді.

Бензолдың, этилбензолдың, күкіртсутегінің, көмірсутектердің, фтор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша бензиннің максималды бір-ретт шоғыры – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрайды, басқа анықталатын ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (12.5-кесте).

12.5-кесте

Ақсу қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспалар	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Бензол	0,080	0,27
Этилбензол	0,01	0,5
Бензин	5,25	<b>1,1</b>
Күкіртсутегі	0,0002	0,025
Көмірсутектердің	0,36	-
Фтор сутегі	0,0001	0,005

## 12.6 Павлодар облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) алынған жаңбыр суына сынама алумен (12.4-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 38,8%, гидрокарбонаттар 14,3%, кальций иондары 11,8 %, хлоридтер 13,8 % , натрий иондары 9,3% және калий иондары 4,8% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Павлодар МС – 96,35 мг/л, ең азы Екібастұз МС – 32,03 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 59,9 мкСм/см-ден (Екібастұз МС) 165,7 мкСм/см (Павлодар МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл сипатта, 5,7 (Ертіс МС) - 6,5 (Павлодар МС) аралығында болды.

## 12.7 Павлодар облысы бойынша 2018-2019 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Ертiс, Павлодар, Екiбастұз) (12.4 сур.) жүргiзiлдi.

Қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шектi жол берiлген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 35,2%, гидрокарбонаттар 18,4 %, кальций иондары 12,4%, хлоридтер 14,0 %, натрий иондары 9,0 %, магний иондары 3,0 % және калий иондары 3,8 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Павлодар МС – 53,9 мг/л, ең азы Ертiс МС – 44,2 мг/л белгiлендi.

Қар жамылғысының үлестi электр өткiзгiштiгi 76,8 мкСм/см-ден (Ертiс МС) 87,9 мкСм/см (Павлодар МС) дейiнгi шекте болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық әлсiз қышқыл сипатта болып, 5,02 (Екiбастұз МС) – 5,86 (Ертiс МС) аралығында болды.



12.4 сур. Павлодар облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 12.8 Павлодар облысының жер үстi су сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үстi суларының ластануын бақылау 4 су объектiлерiнде – Ертiс, Усолка өзендерiнде, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдерiнде жүргiзiлдi.

Ертiс өзенi ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтедi.

### Ертiс өзенi:

- Май а., ауыл шегiнде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., 3 км МАЭС ағынды сулар шығарымынан жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Аксу қ., МАЭС ағынды сулар шығарымынан 0,8 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Павлодар қ., қаладан 22 км жоғары, Кенжекөл ауылынан 5 км оңтүстікке қарай тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 0,5 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

- Жаңабет а.гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.

- Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.

**Ертіс** өзенінің—барлық тұстамаларында су температурасы 4,9 – 10,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91 – 8,02, суда еріген оттегі концентрациясы 9,90 – 12,05 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,75-2,00мг/дм<sup>3</sup>, түсі 16,2 – 17,5 градус, иісі – 0 балл. Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

#### **Усолка өзені:**

**Усолка** өзені бойынша: су температурасы 8,0°С, сутегі көрсеткіші 7,70, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 8,28 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,70 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 54 градус, иісі – 0 балл.

- Павлодар қаласы, Усолка шағын ауданындағы тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.

#### **Жасыбай көлі:**

- Баянаул а., демалыс үйі тұстама: су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: рН - 9,05, фторидтер - 2,28 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 49,2 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

- Баянаул а., қайық станциясы : су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер - 2,28 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

Жасыбай көлі бойынша: су температурасы -0,1°С, сутегі көрсеткіші 9,05, суда ерітілген оттегінің концентрациясы -11,63 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,63 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 10 градус, иісі – 0 балл. Жасыбай көлінің ұзындығы бойынша су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер - 2,28 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Сабындыкөл көлі:**

- Баянаул а., гидрологиялық бекет тұстама: су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер - 2,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

- Баянаул а., жағажай тұстама : су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер - 2,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

**Сабындыкөл** көлінде: су температурасы 0,1°С, сутегі көрсеткіші – 9,00, суда еріген оттегі концентрациясы – 11,55 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> -1,43 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 11 градус, иісі – 0 балл. Сабындыкөл көлінің ұзындығы бойынша су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер- 2,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup> .

### **Торайғыр көлі:**

- Баянаул а., Батыс жағалау тұстама : су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды : фторидтер - 2,13 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>.

- Баянаул а., Шығыс жағалау тұстама : су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды : фторидтер - 2,13 мг/дм<sup>3</sup>, ХПК-76,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Торайғыр** көлінде: су температурасы 0,1°С, сутегі көрсеткіші – 9,20, суда еріген оттегі концентрациясы – 11,55 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 -1,51 мг/дм<sup>3</sup>, түсі – 12 градус, иісі – 0 балл. Торайғыр көлінің ұзындығы бойынша су сапасы (>5 кластан) нормаланбайды: фторидтер – 2,13 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-76,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Бірыңғай жіктеме бойынша** 2019 жылғы 1 жартыжылдағы Павлодар облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 1 клас – Усолка және Ертис өзендері, (>5 кластан) нормаланбайды - Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдері (4-кесте).

## **12.9 2019 жылғы көктем мезгіліндегі Павлодар облысы топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Павлодар қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром концентрациясы 0,16-0,86 мг/кг, қорғасын 13,1-30,8 мг/кг, мырыш – 4,4-20,3 мг/кг, мыс – 0,3-4,3 мг/кг, кадмий – 0,16-0,54 мг/кг шамасында болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысында, мыс концентрациясы ПДК 1,4-ке жетті.

Павлодар химиялық мұнай зауытының санитарлы-қорғау аймағында, Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысында, Естай мен Карл Маркс көшелері қиылысы, "Алюминий Қазақстан" АҚ СҚЗ ауданында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы мөлшерден аспады.

**Ақсу қаласының** түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром - 0,15-6,4 мг/кг, қорғасын - 10,8-19,4 мг/кг, мырыш – 8,4-10,1 мг/кг, кадмий – 0,22-0,4 мг/кг және мыс – 0,2-0,62 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау аймағында хром концентрациясы ПДК 1,1-ге жетті.

Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Skifs» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы мөлшерден аспады.

**Екібастұз қаласының** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында хром 0,08-0,11 мг/кг, қорғасын 14,6-17,4 мг/кг, мырыш – 3,6-6,0 мг/кг, кадмий – 0,22-0,27 мг/кг және мыс – 0,18-0,3 мг/кг шамасында болды.

М.Жүсіп-Әуезов көшелерінің қиылысында, қала саябағында және автобекет аудандарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы мөлшерден аспады.

Ақтоғай, Железинка, Ертіс, Қашыр, Лебяжі, Май, Успенка және Шарбақты аудандарынан, ауылшаруашылық жайылым аумағынан іріктеп алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,02-0,44 мг/кг, қорғасын 7,6-23,4 мг/кг, мырыш – 1,8-15,8 мг/кг, кадмий – 0,1-1,8 мг/кг анықталды.

Ауылшаруашылық жайылым аумағында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы мөлшерден аспады.

## 12.10 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,27 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 12.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7–4,1 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6 сур. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

### 13. Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


#### 13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 19 Б	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Жұмабаева көшесі, 101А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі, 3Т	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), аммиак



13.1 сур. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=6 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 5 бекет аумағында және ЕЖҚ =2% (көтеріңкі деңгей) фенол бойынша № 3 бекет аумағында (Жұмабаева көшесі,101А) анықталды.

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Максималды – бірлік шоғырлар күкіртті сутегі бойынша 6- ШЖШ<sub>м.б</sub>, аумағында озон - 1,2 ШЖШ<sub>м.б</sub>, фенол – 1,7 ШЖШ<sub>м.б</sub>, аммиак – 1,1 ШЖШ<sub>м.б</sub>, қалқыма бөлшектері РМ-2,5 -1,4 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады. Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа шоғырлануы ШЖШ<sub>м.б</sub> -дан аспады.

Орташа шоғыр озон бойынша 2,1ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады. Басқа ластаушы заттардың орташа – тәулік шоғырлары ШЖШ<sub>м.б</sub> -дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

### 13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаев кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (13.2 кесте).

13.2-кесте

#### Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Ластаушы заттар	Сынама нүктелері							
	№1		№2		№3		№4	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма заттар (шаң)	0,163	0,326	0,091	0,181	0,118	0,236	0,160	0,320
Күкірт диоксиді	0,386	0,772	0,037	0,073	0,141	0,282	0,065	0,131
Көміртегі оксиді	3,360	0,672	1,510	0,302	4,910	0,982	3,040	0,608
Азот диоксиді	0,008	0,039	0,002	0,012	0,002	0,008	0,002	0,009

### 13.3 Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен (13.3-сурет) жүргізілді.

Кадмийдан басқа, Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Кадмий шоғыры Петропавл МС 1,10 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 24,62 %, сульфаттар 27,84 %, хлоридтер 16,40 %, кальций иондары 11,23 % және натрий иондары 10,22 % болды.

Жалпы минерализация 45,57 мг/л, электрөткізгіштік – 77,67 мкСм/см құрады. Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа сипатта болды (6,5).

### 13.4 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2018-2019 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы

Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында (13.2-сурет) жүргізілді.

Петропавл МС қар жамылғысы құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қар жамылғысы сынамаларында сульфаттар 18,28 %, гидрокарбонаттар 25,75 %, хлоридтер 16,26 %, кальций иондары 19,16 %, нитрат 8,52 % және натрий иондары 9,31 % басым болды.

Жалпы минерализация көлемі 11,38 мг/л, үлесті электр өткізгіштігі - 18,70 мкСм/см болды.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдықорташа сипатта болды (5,3).



13.2 сур. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы



### 13.5 Солтүстік Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жер үсті су сапасының ластануын бақылау Есіл өзені және Сергеевское су қоймасында жүргізілді.

Есіл өзені бастауын Қазақ ұсақ шоқылығының Нияз тау сілемінен алады және жол бойынша Көкшетау қыраттары мен Ұлытау тауының тарамаларынан ағатын ірі салаларды қабылдай отыра солтүстік бағытта ағады. Өзеннің жоғарғы жағы негізінде жыра және жартасты. Астанадан төмендегенде алқап кеңейді, Атбасардан соң бағыт оңтүстік батысқа ауысады. 1578км сала бағытын шұғыл меридиандық бағытқа, оңтүстіктен солтүстікке ауыстырады. Сергеевкadan төмен өзен батыс-Сібір жазықтығына шығады және Есіл жазықтығы бойынша кең салада ағады, төменгі жақтауларда батпақ арасымен ағып Усть-Ишим ауылының маңында Ертіс өзеніне құйылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

#### **Есіл өзені:**

- Сергеевка қ.0,2 км жоғары тұстама: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): ОХТ – 45,2 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

- Покровка а.0,2 км жоғары тұстама: су сапасы нормаланбайды(>5 класс): қалқыма заттар – 19,1 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Петропавл қ. 0,2 км жоғары: су сапасы 4 класқа-жатады: магний – 32,9 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар-0,0029 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады.

-Петропавл қ. 4,8 км төмен,2 - ЖЭО ағын сулар шығарылымынан 5,8км төмен: су сапасы 4 класқа-жатады: магний – 32,2 мг/дм<sup>3</sup>,қалқыма заттар – 12,7 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0015 мг/дм<sup>3</sup>. Магний мен қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Долматово а. 0,4 км төмен: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,5 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 13,2 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар-0,0015 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдың концентрациясы фондық кластан асады, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Есіл өзенінің барлық ұзындығы бойынша су температурасы 0,2 – 16,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,73- 8,50, суда еріген оттегінің концентрациясы – 6,77-12,89 мг/дм<sup>3</sup> құрады, ОБТ<sub>5</sub> -0,40-3,36 мг/дм<sup>3</sup>, цветность -11-55 градусов, запах - 0 балл құрады.**

Есіл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа-жатады: магний – 31,9 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 13,2 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар-0,0019 мг/дм<sup>3</sup>.

**Сергеевка су қоймасының** су температурасы 3,6°С, сутегі көрсеткіші 8,07 - 8,33, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,42 – 11,40 мг/дм<sup>3</sup> ОБТ<sub>5</sub> – 1,38 – 3,10 мг/дм<sup>3</sup>, цветность -19 - 35 градусов, запах -0 балл құрады.

- Сергеевка қаласынан ООБ қарай 1 км тұстамада су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 48,1 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы 1-жарты жылдыққа Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы су нысандарының сапасы келесідей бағаланады: 4 класс - Есіл өзені; нормаланбайды (>5 класс) - Сергеевское су қоймасы.

### **13.6 2019 жылдың көктем мезгіліндегі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша топырақтың жай-күйі**

*Петропавл қаласында* аудандардан алынған топырақмыс концентрациясы 0,1-16,3 мг/кг, қорғасын –0,1-16,3 мг/кг, мырыш –0,01-2,2 мг/кг, хром -0,08-1,34 мг/кг және кадмий –0,05-0,50 мг/кг шамасында болды.

Барлық нүктелерде: "Киров" зауыт ауданында мыстың шоғырлары- 5,1 ШЖШ, №4 мектеп ауданында - 5,4, Парк аумағында -4,0 ШЖШ, Мир және Интернационал көшелердің қиылысында -3,4 ШЖШ мыс концентрациясы рұқсат етілген норма шамадан асты.

Тайынша, Новоишимка, Булаево, Кишкенекөл, Благовещенка ауылдарында алынған топырақ сынамасындағы қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш рұқсат етілген нормадан аспады.

### **13.7 Солтүстік Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Булаево, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізілді. (13.4 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,10-0,15 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **13.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (13.4 сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-4,0 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



13.4 сур. Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 14. Түркістан облысының қоршаған орта жай-күйі

### 14.1 Шымкент қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (14.1-сур., 14.1-кесте).

14.1 - кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын шоғырлар
1	тәулігіне 3 рет	сынаманы қолмен алу (дискреттік әдіс)	Абай даңғылы «Южполиметалл» АҚ	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид №1,2 ЛББ -кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би көшесі мен Төле би көшесінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, аммиак №1,2 ЛББ - кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром
3			Алдиярова көшесі, «Шымкентцемент» АҚ нөмірсіз үй	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, күкіртті сутек
8			Сайрам көшесі 198, жақ «сыразауыты»	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид, күкіртті сутегі, аммиак
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Самал-3 шағын ауданы	PM <sub>2,5</sub> қалқыма бөлшектері PM <sub>10</sub> қалқыма бөлшектері аммиак, азота диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті)
6			«Нұрсат» шағын ауданы	PM <sub>2,5</sub> қалқыма бөлшектері PM <sub>10</sub> қалқыма бөлшектері, азота диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, аммиак, озон (жербеті)



14.1-сурет. Шымкент қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Бақылау бекеттерінің мәліметтеріне сәйкес (14.1-сурет) атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ= 4 (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №5 бекет аумағында және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) (1,2 сур.) № 6 бекет аумағында озон (жербеті) бойынша анықталды.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа шоғыры – 1,38 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,74 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жербеті) – 1,30 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид – 2,75 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың ШЖШ - дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің(шаң) бір реттік максималды шоғыры – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, қалқыма бөлшектер РМ-2,5 – 1,41 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, қалқыма бөлшектер РМ-10 – 3,87 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртек оксиді – 4,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,70 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 3,41 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 14.2 Түркістан қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.2-сур., 14.2 - кесте).


14.2- кесте

### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Сынама алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бекзат м/а,5 квартал,2 көше	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксид, азот



			метеостанса аумағында	оксиді, күкіртті сутек, радиациялық гамма-фон куаттылығы
--	--	--	--------------------------	--



14.2-сурет. Түркістан қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желілерінің мәліметі бойынша (сурет.14.2), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол СИ=7 (жоғарғы деңгей) күкіртті сутегі бойынша және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер бойынша (сур.1,2) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғыры ШЖШ –дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің максималды бір реттік шоғыры 1,97 ШЖШ<sub>м.б</sub>, көміртек оксиді – 2,20 ШЖШ<sub>м.б</sub>, азот диоксиді – 1,11 ШЖШ<sub>м.б</sub>, күкіртті сутегі – 7,0 ШЖШ<sub>м.б</sub>. құрады, басқа ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте 1).


### 14.3 Кентау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (14.3-сур., 14.3-кесте).

14.3 - кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Сынама алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Уалиханова көшесі, 3 «А» уч.	Қалқыма бөлшектері (шаң),азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті)



14.3-сурет. Кентау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желілерінің мәліметі бойынша (сурет.14.3), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және НП= 2% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша анықталды (сурет. 1, 2).

Озонның (жербеті) орташа шоғыры 1,76 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластауыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Көміртегі оксидінің максималды бір реттік шоғыры 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, азота диоксиді – 1,54 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азота оксиді – 1,21 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жетбеті) – 2,10 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, қалқыма бөлшектер – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластауыш заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

#### 14.4 Түркістан облысы Тассай ауылы аумағындағы эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Ауаның ластануына бақылау Түркістан облысы Тассай ауылы аймағының 2 нүктесінде (*№1 нүкте – Тұрғын алабы, №2 нүкте – Санитариялық қорғау аймағы*) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектердің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Ластауыш заттардың максималды бір реттік шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте14.4).

**Түркістан облысы Тассай ауылының бақылау деректері бойынша  
ластаушы заттардың максималдышоғырлары**

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер	0,4	0,8	0,3	0,6
Күкірт диоксиді	0,018	0,04	0,016	0,03
Көміртегі оксиді	4,0	0,8	4,0	0,8
Азот диоксиді	0,15	0,75	0,14	0,70
Формальдегид	0,040	0,80	0,035	0,82

**14.5 Түркістан облысы Састөбе ауылы аумағындағы эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Ауаның ластануына бақылау Түркістан облысы Састөбе ауылы аймағының 2 нүктесінде (№1 нүкте – тұрғын үй аумағы, №2 нүкте – Санитарлық қорғалатын аймақ – «Састөбе Цемент» ЖШС көздерінен 0,5 км) жүргізілді. Қалқыма бөлшектердің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Ластауыш заттардың максималды бір реттік шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте14.5).

**Түркістан облысы Састөбе ауылының бақылау деректері бойынша  
ластаушы заттардың максималды шоғырлары**

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Өлшенген бөлшектер	0,40	0,80	0,40	0,80
Күкірт диоксиді	0,016	0,03	0,017	0,03
Көміртегі оксиді	4,0	0,8	4,0	0,8
Азот диоксиді	0,17	0,85	0,17	0,85
Формальдегид	0,040	0,80	0,042	0,84

**14.6 Түркістан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияларда (Қазығұрт, Шымкент) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (14.4 сур.).



Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 44,34%, сульфаттар 18,76%, кальций иондары 15,16%, натрий иондары 5,26%, хлоридтер 7,73% болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Қазығұрт МС – 73,33 мг/л, ең азы Шымкент МС – 22,42 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі Қазығұрт МС – 106,33 мкСм/см, Шымкент МС – 38,18 мкСм/см болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы сілтісі нейтралды және аз сипатта болып, 6,09 (Шымкент МС) – 7,0 (Қазығұрт МС) аралығында болды.

#### 14.7 Түркістан облысы бойынша 2018-2019 жж.арналған қар жамылғысының химиялық құрамы


Қар жамылғысының химиялық құрамына бақылау Шымкент метеостанциясында жүргізілді (сур.14.4).

Қар жамылғысының құрамындағы барлық анықталатын ластаушы заттардың концентрациясы рұқсат етілген шекті концентрациясынан (ШРК) аспайды.

Қар жамылғысының құрамындағы гидрокарбонаттар 30,39%, хлоридтер 21,88%, кальций иондарының 11,98%, сульфаттар 12,04% және натрий иондары 12,42% анықталды.

Жалпы минерализация – 15,86 мг/л, үлесті электрөткізгіштігі – 26,9 мкСм/см құрады.

Түскен қар сынамаларындағы қышқылдық сілтісі нейтралды сипатта болды (5,4).



14.4 сур. Түркістан облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 14.8 Түркістан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Түркістан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 8 су нысанында (Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Бөген, Катта-бугун өзендері және Шардара су қоймасы) жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы бағаланады:

### **Сырдария өзені:**

- тұстама Көкбұлақ ауылы (солтүстік- солтүстік батысқа қарай 10,5 км): су сапасы нормаланбайды: су сапасы нормаланбайды (>5 кл) қалқыма заттар- 159,773 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Шардара т/б, қаладан батысқа қарай 2,7 км, Шардара су қоймасының плотинасынан 2 км төмен: судың сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар- 24,35 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Сырдария** өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 10,567°С-тан 14,728°С дейін, сутегі көрсеткішінің мәні 7,58-8,043, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,662-11,263 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 1,602-2,015 мг/дм<sup>3</sup>, су түсі 0 градус, иісі- 0 балл.

Сырдария өзенінің су сапасы су сапасы нормаланбайды (>5 класс) қалқыма заттар- 92,042 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Келес өзені:**

- тұстама Қазығұрт ауылынан 0,2 км жоғары, су бекетінен 0,8 км жоғары: судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 50,75 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Келес өзенінің сағасынан 1,2 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: сульфаттар- 698,0 мг/дм<sup>3</sup>, кадмий -0,003 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 77,917 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,002 мг/дм<sup>3</sup>. Сульфаттар, магний және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, кадмий концентрациясы фондық кластан асады.

**Келес** өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 10,25°С-тан 11,35°С дейін, сутегі көрсеткішінің мәні 7,7-8,033, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 11,303-11,543 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 1,973-2,295 мг/дм<sup>3</sup>, су түсі 0 градус, иісі- 0 балл барлық тұстамаларда.

Келес өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы: 4 класқа жатады: сульфаттар – 529,3 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 67,05 мг/дм<sup>3</sup>, кадмий – 0,003 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0016 мг/дм<sup>3</sup>.

### **Бадам өзені:**

- тұстама Шымкент қаласынан 2 км төмен су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,4 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар- 0,0015 мг/дм<sup>3</sup>. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық класстан асады, магний концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Қараспан ауылынан 0,5 км төмен, Бадам өзенінің сағасынан 0,99 км жоғары, көпірден 0,1 км төменде): судың сапасы 4 класқа жатады: магний -43,55 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар- 0,0015 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің, фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Бадам** өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы  $10,9^0$  – дан  $10,667^0\text{C}$  дейін, сутек көрсеткішінің мәні 7,21-7,672, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 10,578-10,65 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> мәні 1,593-2,188 мг/дм<sup>3</sup>, су түсі 0 градус, иісі- 0 балл аралығында болды барлық тұстамаларда.

Бадам өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: магний-37,475 мг/дм<sup>3</sup>, фенолдар – 0,0015 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Арыс өзені:**

Арыс өзенінің су температурасы  $12,133^0\text{C}$ , сутек көрсеткіштің мәні 7,383, болғанда, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 11,057 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,447 мг/дм<sup>3</sup>, су түсі 0 градус, иісі- 0 балл аралығында болды.

